



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ



Факультет 1963 жылы құрылған.

Зерттеулердің негізгі бағыты – Солтүстік Қазақстан АӨК-нің тұрақты дамуына экономикалық дәйектеме.

Ғылыми әлеует: 6 ғылым докторы, 31 ғылым кандидаты, 17 магистр.

2009-2012 жылдары мынадай нәтижелерге қол жеткізді:

-аграрлық өндірістің Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, «Қоржынкөл – А» ЖШС-на диверсификациялау үдерісінің дамуына және мекеменің бәсекелестік ұстанымын аграрлық сектордың өнімдерін нақты нарықта анықтау әдістемесіне ұсыныстар берілді;

-Астана қаласының, Ақмола облысының қалалық және ауылдық тұрғындарының төлем қабілеттілігіне маркетингтік зерттеулер жүргізілді;

әзірленді:

-олардың қызметтерін диверсификациялау негізінде аграрлық өнеркәсіптердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ұсыныстар;

-бидай өндірісі технологиясының экономикалық тиімділігіне салыстырмалы талдау әдістемесі;

-бидай өндірісінде егін шаруашылығы технологияларының әлеуметтік–экономикалық тиімділігіне салыстырмалы талдау әдістемесі;

- ауыл шаруашылығы дақылдарының жартылай немесе түгелдей өспей қалғанда болжалды және нақты кірісті есептеу әдістемесі.

Соңғы он жылда 20 монография, 2 ұсыныс, 500-ден аса ғылыми тезис, мақала, баяндамалар жарияланды.

Төмендегідей ғылыми жұмыстар іске асырылуда:

-егін шаруашылығындағы ресурспендегіш технологиялардың және адаптивті жүйелердің бидай өндірісінің еңбек өнімділігіне әсері (Ақмола облысының материалдары негізінде);

-экономикалық менеджмент қағидаларын орындау негізінде агроқошан субъектілерін басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мәселелері

-ауылдық жерлердің әлеуетін нығайту үшін ауыл шаруашылығы өндірісін диверсификациялау негізінде аграрлық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және балама қызмет түрлерін дамыту мәселелері;

-Қазақстан Республикасында аграрлық сектор экономикасын индустриалды-инновациялық мәселелері;

-Қазақстан Республикасында микронесиелеуді дамытудың болашағы;

-Солтүстік Қазақстанда нарықтық экономиканы жетілдірудің негізгі бағыттары;

-АӨК-ні басқарудың өзекті мәселелерін жетілдіру;

Кәсіби әріптестер: «Қазақстан стандартизация және сертификация институты РМК, «Туран–профи» Халықаралық кәсіптік академия, «Орталық Азия консультанттары» Агенттігі, «Аймақтық дамыту» ҒЗИ, «Технопарк UNSCTNTLCH» ЖШС



Экономикалық факультет базасында агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қолданбалы экономикалық зерттеулерді үйлестіру және олардың тиімділігін арттыру мақсатында аграрлық дамудың экономикалық мәселелері орталығы құрылды (АДЭМО).

